

Жария оферта

«FORTE BOOKING» ЖШС, бұдан әрі «Агент» деп аталып, бұдан әрі «Клиент» деп аталатын кез келген жеке тұлғаға, жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға төменде көрсетілген талаптарда билет брондау және сатып алу бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт жасауды ұсынады.

Бұл құжат Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 395-бабына сәйкес жария оферта болып табылады, ал Клиенттің Агенттің платформасы арқылы билеттерді іздеу, брондау немесе сатып алу бойынша әрекеттері ҚР АҚ 396-бабына сәйкес осы офертаны толық және сөзсіз қабылдағаны болып саналады және Агент пен Клиент арасында осы жария офертаның талаптарында тиісті шарттың жасалғанын білдіреді.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. **Агент** – «FORTE BOOKING» ЖШС;

1.2. **Билет** - (жолаушы билеті және багаж түбіртегі) – авиакомпания немесе оның агенттері беретін, жолаушыны әуеде тасымалдау талаптарында шарт жасалғанын куәландыратын, тасымалдауға арналған құжат;

1.3. **Брондау (бронь)** - әуе кемесінде жолаушыларды тасымалдауға, сондай-ақ багаж мен жүкті тасымалдауға арналған жүк көлеміне арналған орындарды алдын ала бөлу, тағайындалған бірегей әріптік-цифрлық коды бар жолаушы, багаж немесе жүк туралы ұшу және басқа ақпаратты қамтитын авиакомпанияның ғаламдық дистрибутивтік жүйесіндегі электрондық жазбамен растау. Броньдауға – «Сатылған жоқ» және «Сатылды» деген екі мәртебе беріледі.

1.4. **ГДС (GDS)** – әуе компанияларының көбісі пайдаланатын әуе билеттерін тарату жүйесінің жаһандық желісі;

1.5. **Аралас билет** – бұл екі немесе одан да көп авиакомпанияларды пайдалануға арналған жол жүру билеті.

1.6. **Лоукостерлер** - әуе билеттерінің құны дәстүрлі авиакомпаниялардың билеттерінен бірнеше есе төмен болуы мүмкін арзан авиакомпаниялар. Әдетте, бортта тегін тамақтың болмауы, тегін багаждың болмауы, сондай-ақ әуе тасымалдаушының веб-сайтында жарияланған басқа да бірқатар шектеулер есебінен осындай құнға қол жеткізіледі.

1.7. **Жолаушы** - деректері билетте көрсетілген тұлға;

1.8. **Тасымалдаушы** – жол жүру құжаттарында көрсетілген, Жолаушымен жасалған тасымалдау шарты негізінде жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын және Агентпен жол жүру құжаттарын сату туралы тиісті шарт жасаған ұйым;

1.9. **Платформа** – Интернет желісіндегі <http://travel.fortebank.kz/> адресі бойынша орналасқан WEB-сайтта немесе Агент серіктесінің мобильді қосымшасы арқылы қолжетімділік қамтамасыз етілген Агент сервисі.

2. Офертаның мәні

2.1. Агент Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасы және серіктестермен жасалған шарттар негізінде жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдауға билеттерді брондау және ресімдеу жүйесіне қолжетімділік бойынша ақпараттық-техникалық қызметтерді ұсынады, сондай-ақ Агенттің платформасы арқылы билеттерді ресімдеу, төлемін жасау және қайтару мәселелері бойынша Клиентке қолдау көрсетеді. Тасымалдаудың нақты орындалуын Тасымалдаушы жүзеге асырады, Агент Тасымалдаушының коммерциялық өкілі (билеттерді сату агенті) ретінде әрекет етеді және билетті ресімдеу арқылы Жолаушы мен Тасымалдаушы арасында тасымалдау шартын жасаудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

3.1. Клиент/Жолаушы міндетті:

1) билетті ресімдеу үшін қажетті нақты және толық деректерді, сондай-ақ Агенттің сұрау салуы бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті басқа да ақпаратты беруге. Клиент билетті ресімдеу кезінде көрсетілген деректердің дұрыстығына және жолаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкестігіне жауапты болады. Жолаушылардың жеке деректерінде қандай да бір өзгерістер болған жағдайда, халықаралық стандарттарға сәйкес, билеттерді қайта ресімдеу кезінде қолданыстағы тарифтер бойынша қайта ресімдеу қажет.

2) жеке басын куәландыратын құжаттардың жарамдылығын, олардың қолданылу мерзімін, орналасқан елдің қағидаларына сәйкес қайтып келген күннен бастап төлқұжаттың қолданылу мерзімінің ұзақтығын, визалардың болуын (қажет болған жағдайда) және олардың тасымалдау қағидаларына, оның ішінде транзиттік және соңғы пункттерде тасымалдау қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) баратын елдің визалық және басқа талаптарын өзі тексеруге, сондай-ақ Тасымалдаушыдан қолданыстағы талаптар, тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі шектеулер, оның ішінде қажетті кіру рұқсаттары, екпелер, сақтандыру полистері және басқа рұқсат құжаттары, сондай-ақ белгіленген пункт елі немесе ауысып отыру пункті үшін рәсімдер туралы қажетті ақпаратты алуға. Бұл ретте Агенттен алынған барлық ауызша ақпарат ұсыныстық сипатта болады, хабардар ету күні өзекті болып табылады және Тасымалдаушыдан нақтыланады;

4) Платформада көрсетілген қызметтер үшін уақытында төлем жасауға;

5) Платформаны билеттерді үшінші тұлғаларға қайта сату мақсатында пайдаланбауға;

6) Агент Платформасы арқылы билеттерді сатып алу (төлеу) арқылы Клиент айырбастау, қайтару талаптарын және басқа да шектеулерді қоса алғанда, авиакомпаниялар белгілеген тарифтерді қолдану қағидаларын (бұдан әрі – Тарифтерді қолдану қағидалары) өз бетінше және алдын ала зерттегенін, түсінгенін және қабылдайтынын растайды. Бұл Қағидалар авиакомпанияның ресми веб-сайтында және/немесе басқа жалпыға қолжетімді көздерде қолжетімді; олардың ағымдағы нұсқасын, сондай-ақ қажет болған жағдайда қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі аудармасын немесе түсіндірмелерін алу клиенттің міндеті болып табылады. Билетті айырбастауға, қайтаруға қатысты барлық процедураларды Агент тек Тарифті қолдану қағидаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады және Клиент осы Офертаны акцептеу арқылы өз келісімін растағандықтан, оның Тарифтерді қолдану қағидаларының мазмұнына қатысты ешқандай шағымы болмайды.

7) жолжүктің, қол жүгінің рұқсат етілген салмағы, габариттері және бірлік саны туралы ақпаратты өз бетінше нақтылайды, ал егер Клиент Агент Платформасында интернет арқылы онлайн тіркелу қызметін (рейс үшін) таңдаса, жолаушылар (Клиенттің көмегімен немесе Агентт Платформасында белгіленген функционалдық мүмкіндіктер арқылы) Тасымалдаушылар белгілеген онлайн тіркеу қағидаларымен, қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерімен және тасымалдауға тыйым салынған заттардың тізбесімен өз беттерінше танысулары және келісулері керек. Сондай-ақ жолаушылар Тасымалдаушылардың барлық қолданыстағы қағидаларын, нормативтік талаптарын қатаң сақтауға және осы қағидаларды және/немесе талаптарды сақтамаған жағдайда жауапты болуы керек;

8) Клиентке офертада және заңнамада көзделген басқа да міндеттер жүктеледі.

3.2. Клиент/Жолаушы құқылы:

1) офертада көрсетілген электрондық пошта арқылы қолдау қызметіне хабарласу арқылы билетті сатып алу (төлем жасау) алдында Агенттен Тасымалдаушы қағидаларының түсіндірмесін қазақ және/немесе орыс тілінде алуға;

2) билет төлемін төлеген кезде Платформада қолжетімді кез келген төлем тәсілін таңдауға;

3) Платформаның функционалын оферта талаптарына сәйкес пайдалануға. Бұл ретте Тасымалдаушылар және/немесе Агент Клиентке/Жолаушыға Платформада өздері таңдаған қызметтерден басқа кез келген басқа қызметтерді көрсетуге міндетті емес;

4) Клиент/Жолаушы офертада және заңнамада көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асырады.

4. Агенттің құқықтары мен міндеттері

3.1. Агент міндетт:

1) Өуе тасымалы шартын жасау үшін жеткілікті ағымдағы қолжетімді рейстер, қозғалыс кестелері, тарифтері мен тасымалдау қағидалары туралы өзекті ақпаратты ұсына отырып, Платформаның функционалына онлайн қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

2) билетті ресімдеу мақсатында Тасымалдаушы жүйесіне Клиент пен Жолаушы деректерін беруге;

3) Клиент пен Жолаушының дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

4) Агент сондай-ақ офертада және заңнамада көзделген басқа да міндеттерді көтереді.

4.2. Агент құқылы:

- 1) міндеттемелерін тиісінше орындау үшін Клиенттен қажетті ақпаратты сұратуға құқылы. Клиент сұратылған ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда, Агент өзіне немесе үшінші тұлғаларға залал келтірмеу үшін қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе күшін жоюға (брондаудың/билеттің күшін жоюға) құқылы;
- 2) Клиент оферта талаптарын немесе заңнама талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда, Клиентке қызмет көрсетуден бас тартуға (немесе ресімделген билеттің күшін жоюға);
- 3) қызметтерді көрсету тәртібіне, тарифтерге, қолжетімді бағыттардың тізбесіне, кестелерге және басқа да ілеспе ақпаратқа қатысты Платформада орналастырылған ақпаратқа қажет болған жағдайда біржақты тәртіпте өзгерістер енгізуге. Мұндай өзгерістер Платформада жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және жаңартылған ақпарат Клиентке Платформаны пайдалану процесінде тікелей беріледі;
- 4) Агент қызметтеріне қатысты ақпараттық, анықтамалық және жарнамалық хабарламаларды Клиент көрсеткен байланыс деректері бойынша Клиентке жіберуге. Клиент осы офертаны құптау арқылы осындай хабарламаларды алуға келісімін білдіреді. Клиент Агентке тиісті хабарлама жіберу арқылы немесе арнайы баптаулар арқылы (қашықтан қол жеткізу жүйелерінде қарастырылған болса) жарнамалық хабарламалардан бас тартуға құқылы;
- 5) Клиентке электрондық пошта және/немесе SMS арқылы әуе тасымалына қатысты ақпараттық хабарламаларды, мысалы, бағалар, брондаудағы өзгерістер, рейстердің өзгеруі және күшін жоюы және т.б. хабарлар жіберуге;
- 6) Агент сондай-ақ офертада және заңнамада көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асырады.

5. Кәмелетке толмаған жолаушылардың жол жүру тәртібі

Кәмелетке толмаған жолаушылар ересек жолаушылардың ертіп жүруімен де, оларсыз да тасымалданады.

Авиакомпания тек ата-анасының (асырап алушылар, қорғаншылар) немесе қорғаншыларының жазбаша өтінішінен кейін ғана кәмелетке толмаған жолаушыларды тасымалдауға қабылдайды.

Қазақстан Республикасының азаматтары- кәмелетке толмаған балаларды ересек жолаушылардың ертіп жүруімен тасымалдау кезінде авиакомпания баланың Туу туралы куәлігін, сондай-ақ кәмелетке толмаған жолаушыны тасымалдауға туыстық қатынасты және (немесе) заңды құқығын растайтын құжаттарды ұсынуды талап ете алады.

5.1. Ересектің ертіп жүруінсіз жол жүретін кәмелетке толмағандар – ата-анасынсыз жүретін және жолаушылардың ешқайсысына сеніп тапсырылмаған 6 жастан 16 жасқа дейінгі балалар.

Ересектің ертіп жүруінсіз жол жүретін кәмелетке толмағандар «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңының 36-бабының 5-тармағына сәйкес, сағат 23.00-ден бастап таңғы сағат 06.00 дейін тасымалдауға қабылданбайды.

6 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жолаушылар ересек жолаушының еріп жүруімен ғана тасымалданады.

Кәмелетке толмаған Қазақстан Республикасының азаматы ересектің ертіп жүруінсіз Қазақстан Республикасынан шетелге шығатын жағдайда, оның төлқұжатына қоса өзімен бірге Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматының шет елге шығуына ата-анасының, асырап алушыларының, қорғаншыларының немесе қамқоршыларының нотариалды куәландырылған келісімі болуы тиіс, сондай-ақ ол келісімде шетелге шығу мерзімі мен ол баратын мемлекет (мемлекеттер) көрсетілуі керек.

5.2. Бөлек орынды иеленбейтін және ересек жолаушы ертіп жүретін кәмелетке толмаған 2 жасқа дейінгі бір жолаушыны халықаралық рейстерде тасымалдау үшін ақы алынбайды.

2 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жолаушылар бөлек орны берілетін халықаралық рейсте тасымалданатын болса, олар үшін еріп жүретін ересек жолаушыға тиісті тарифтің 50 проценті мөлшерінде ақы төленеді.

Бір ересек жолаушы халықаралық рейсте 2 жасқа толмаған екінші және үшінші баланы ертіп жүретін болса, олардың әрқайсысы үшін ересек жолаушының тиісті тұрақты немесе арнайы тарифінің 50 проценті мөлшерінде ақы төленеді.

Бір ересек жолаушы халықаралық рейсте ертіп жүрген 2 жастан 12 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған әрбір жолаушы үшін ересек жолаушының тиісті немесе арнайы тарифінің 50 проценті төленеді.

Баратын жерге ақы төлемей баратын балалар үшін жүкті тегін тасымалдау және салонда жеке орын беру қарастырылмаған.

5.3. Ішкі рейстерде ересек жолаушы 2 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған бір баланы орынсыз тегін алып жүре алады.

Егер 2 жасқа дейінгі бала үшін ішкі рейсте жеке орын сатып алынса, ол үшін оны ертіп жүрген ересек жолаушының тиісті тарифінің 50 проценті төленеді.

Ішкі рейстерде ұшатын 2 жастан 15 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жолаушылар стандартты тарифтің 50 проценті төленетін және жеке орын берілетін билет бойынша тасымалданады.

5.4. Жасына қарамастан, тиісті қызмет көрсету ұласының 50 проценті төленген әрбір кәмелетке толмаған жолаушыға бөлек орын беріледі және стандартты жол жүру ақысын төлеген жолаушылар үшін белгіленген норма бойынша жолжүкті тегін алып жүруге рұқсат етіледі.

6. Авиабилетті ауыстыру және қайтару талаптары

6.1. Платформада авиабилеттерді ауыстыру және қайтару авиакомпаниялар белгілейтін Тарифтерді қолдану қағидаларына сәйкес күн сайын/тәулік бойы жүзеге асырылады, Клиент билетті қайтаруды (айырбастауды) дербес Жеке кабинетте және мобильді қосымшаларда ресімдей алады.

6.2. Авиабилеттерді қайтару кезінде ақшасы Тарифтерді қолдану қағидаларына қатаң сәйкес қайтарылады.

6.3 Билет айырбастау қызметі ақылы. Қазақстан Республикасы ішіндегі рейстерге билетті айырбастау кезінде айырбастау құны 1500 (Бір мың бес жүз) теңгені құрайды, халықаралық рейске билетті айырбастау кезінде билет айырбастау құны 4000 (Төрт мың) теңгені құрайды. Билет айырбастау кезінде айыппұл сомасын және жаңа және ескі билет арасындағы айырманы қосымша төлеу қажет. Сом есеп беру сәтінде ғана өзекті және ол кез келген сәтте өзгеруі мүмкін.

6.4 «FlyArystan» авиакомпаниясы рейстерінің билеттері үшін жолаушының аты-жөнін түзету кезінде авиакомпанияға 1000 (Бір мың) теңге мөлшерінде айыппұл және авиакомпания қағидалары ойынша келесідей мөлшерде қосымша сервистік алым алынады: Қазақстан Республикасы ішіндегі рейстерге - 5000 (Бес мың) теңге, халықаралық рейстерге - 8000 (Сегіз мың) теңге. Авиакомпания қағидаларында жолаушының атын немесе оның тегін жазуда жіберілген қателердің саны мен сипатына қатысты шектеу қарастырылған. Аталған Қағидалар мына жерде орналастырылған (танысуыңызды сұраймыз). Қағидаларды біржақты тәртіпте авиакомпания өзгертуі мүмкін.

6.5 Авиабилетті қайтару қызметі ақылы болып табылады. Қазақстан Республикасы ішіндегі рейстерге билетті қайтару кезінде қайтару құны - 2500 (Екі мың бес жүз) теңгені құрайды, ал халықаралық рейске билетті қайтару кезінде билетті қайтару құны - 4000 (Төрт мың) теңгеден 7000 (Жеті мың) теңгеге дейінгі аралықта болуы мүмкін. Халықаралық рейске билетті қайтарудың түпкілікті нақты құны билетті қайтаруды есептеу кезінде Клиентке көрсетіледі.

6.6. Билетті мәжбүрлі қайтару кезінде қайтару қызметі тегін жүзеге асырылады.

6.7 Пайдаланылмаған билет, оның бір бөлігі, ақылы жолжүк түбіртегі бойынша соманы қайтару туралы өтінішті авиакомпания құжаттың жарамдылық мерзімі ішінде, бірақ осы мерзім аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей қабылдайды.

6.8. Сомалар не билетте көрсетілген Жолаушыға, не Агенттің Платформасы арқылы билет үшін төлемақы жасаған Клиентке қайтарылады. Сомаларды қайтару сомаларды қайтару туралы өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

6.9. Агент Платформасында билет үшін ақы төлеген, бірақ билетте көрсетілген Жолаушы болып табылмайтын Клиент авиакомпанияға немесе оның уәкілетті агентіне жүгініп, авиакомпания осы билет бойынша пайдаланылмаған тасымал үшін соманы қайтаратын тұлғаны көрсете отырып, билетке белгі қою туралы өтініш жасайды.

6.10. Авиакомпанияға жолаушы купоны (чекті) және билеттің барлық пайдаланылмаған ұшу купондары немесе ақылы жолжүктің түбіртегі қсынылған кезде ғана сома қайтарылады.

6.11. Билет, купон немесе чек жоғалған жағдайда соманы қайтару авиакомпанияның талаптарына сәйкес жүргізіледі.

6.12. Жолаушы ұшудан бас тартуға мәжбүр болған кезде сомалар келесі жағдайларда қайтарылады:

- 1) Жолаушыда билет берілген рейс мәртебесі өзгерсе;
- 2) Жолаушының тасымалдау құжаттары дұрыс ресімделмесе;
- 3) Жолаушы үшін жөнелту, межелі немесе жолда аялдау пункті болып табылатын пунктте кесте бойынша аялдауды алып тасталса;
- 4) кестеде көрсетілген уақытқа сәйкес рейс орындалмаса;

- 5) қызмет көрсету класы немесе әуе кемесінің типі ауыстырылса;
- 6) бұрын жасалған брондауға сәйкес Жолаушыға орын беру мүмкін болмаса;
- 7) авиакомпания бірыңғай бланкіде жазылған рейстердің түйісуін қамтамасыз етпесе;
- 8) медициналық қорытындымен расталған, Жолаушының немесе онымен бірге әуе кемесінде келе жатқан оның отбасы мүшесі науқастанған немесе қайтыс болған жағдайда;
- 6.13. Ұшудан мәжбүрлі түрде бас тартқан кезде Жолаушыға төленетін сомалар авиакомпанияның талаптарында айқындалады.
- 6.14. Жолаушы ұшудан өз еркімен бас тартқан кезде сомаларды қайтару келесі тәртіпте жүргізіледі:
- 1) егер бірде-бір учаскеде тасымалдау орындалмаса, онда Жолаушыға тарифті қолдану талаптарына сәйкес тасымалдау үшін төленген сома қайтарылады;
 - 2) егер тасымал ішінара орындалса, онда барлық тасымал үшін төленген сома мен тасымалдың орындалған бөлігінің құнына сәйкес сома арасындағы айырмашылық қайтарылады.
- 6.15. Авиакомпания әуе тасымалына шектеу қойылған тұлғалардың тізіліміне енгізілген Жолаушымен әуе тасымалы шартын тоқтатқан жағдайда, Жолаушыға сатып алынған билеттің (ұшатын учаске бойынша билетінің) толық құны өтеледі.
- 6.16. Сомаларды қайтару тасымалдың бастапқы төлем валютасында не Жолаушының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.
- 6.17. Сомаларды қайтару авиакомпанияның талаптарына сәйкес, әуелі авиакомпания немесе Уәкілетті агенттер берген билеттер мен ақылы жолжүк түбіртектері бойынша жүргізіледі.
- 6.18. Авиакомпания немесе оның Уәкілетті агенті берген билеттер мен ақылы багаж түбіртектері бойынша сомаларды қайтару бастапқы билетті және ақылы жолжүк түбіртегін берген елде немесе билет қайтарылатын елдегі авиакомпанияның өкілдігінде жүргізіледі.
- 6.19. Егер Тарифті қолдану қағидаларында басқаша көзделмесе, лоукостерлермен ұшуға арналған авиабилеттер ауыстырылмайды және қайтарылмайды; аталған Қағидалар таңдалған тарифке байланысты қосымша талаптар, шектеулер, айыппұлдар немесе алымдар белгілей алады.
- 6.20. Қосымша қызметтердің, атап айтқанда рейсті тоқтату және кешіктіру туралы SMS-хабарламаға жазылу қызметінің құны авиабилетті қайтару кезінде қайтарылмайды.
- 6.21. Балаларға жеке бронмен билет жазу қызметі ақылы болып табылады және 2500 (Екі мың бес жүз) теңгені құрайды.
- 6.22. Аралас билеттердегі Агенттің сервистік алымы билеттің әрбір нөмірі үшін ұсталады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Тараптар оферта шеңберіндегі міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін оферта талаптарына сәйкес, ал онда көзделмеген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 7.2. Агенттің Платформасында көрсетілетін, Клиент таңдаған бағыт бойынша билет бағасын іздеу нәтижелері түпкілікті баға емес, билеттердің түпкілікті бағасы – брондау кезінде төлқұжат деректерін толтыру бетінде көрсетіледі, бұл ретте «Брондау/Жалғастыру» батырмасын басқан кезде ГДС жүйесінде (ағылш. Global Distribution System, GDS)) орын жеткілікті болған жағдайда, Билет құны ГДС жүйесінде нақты Жолаушыға бекітіледі.
- 7.3. Қалыптастырылған сәттен бастап 30 минут ішінде төленбеген және жазып берілмеген бронды авиакомпания Клиентті алдын ала хабардар етпей ГДС арқылы біржақты тәртіпте өзгертуі не күшін жоюы мүмкін. Мұндай жағдайда Клиентке сол сәттегі талаптар бойынша және қолданылып жүрген құны бойынша жаңа бронды дербес ресімдеуі қажет. Агент тарифтің өзгеруіне, орындардың болу-болмауына немесе бастапқы бронның алып тасталуына байланысты басқа да салдарларға жауапты болмайды.
- 7.4. Клиент бір рейске ресімделген Жолаушыларға екі немесе одан да көп бронь жасаған жағдайда, авиакомпаниялар біржақты тәртіпте құны неғұрлым арзан қайталанатын брондардың күшін жоя алады.
- 7.5. Рейстерді тоқтату және кідірту туралы SMS-хабарлау қызметі, авиакомпаниялар хабарландырудың автоматтандырылған арналары арқылы Агентке ұсынатын деректердің негізінде көрсетіледі. Агент осы ақпараттың уақытылығы мен толықтығы үшін жауап бермейді. .

7.6. Интернет арқылы тіркеу (рейске) қызметі Агенттің тиісті авиакомпаниялардың платформаларына қосылуы негізінде ұсынылады. Осыған байланысты Агент интернет арқылы тіркеу (рейске) бойынша ұсынылатын қызметтің үздіксіз жұмыс істеуіне және қолжетімділігіне, сондай-ақ Жолаушылардың авиакомпанияның тиісті қағидаларын сақтау-сақтамауына жауап бермейді.

7.7. Клиент Жеке кабинет арқылы билеттерді өз қайтарған жағдайда, оған өзі жауапты болады. Егер билет қайтарылса, онда билет қайта қалпына келтірілмейді.

7.8. Билеттерді үшінші тұлғаларға дұрыс ресімдеу, сондай-ақ атына билет ресімделген Жолаушыны Тасымалдаушы қолданатын барлық қағидалар, талаптар және өзге де шарттар туралы хабардар ету жауапкершілігі – Клиенттің мойнында.

7.9. Агенттің жауапкершілігін шектеу.

1) Агент Тасымалдаушы емес және әуе кемесімен жолаушыларды тасымалдау қызметтерін көрсетумен тікелей байланысты тәуекелдерге жауап бермейді. Жолаушыны белгіленген пунктіге уақытында және қауіпсіз жеткізу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Тасымалдаушыға жүктеледі. Егер мұндай оқиғалар Агенттің кінәсінен болмаса, Агент: рейстерді тоқтатуға немесе кідіртуге, кестені өзгертуге, әуе кемесінің бортында орын алған жағдайға, жолда жолжүктің жоғалуына, қонудан бас тартуға жауап бермейді. Сонымен бірге, Агент Клиентке оның құқықтарын Тасымалдаушы алдында қорғауға жәрдемдесе алады (мысалы, Тасымалдаушыға шағым беру тәртібі туралы хабардар ете алады). Сондай-ақ, егер билет Клиенттің кінәсі бойынша ресімделмеген болса, Агент тасымалдау қызметін ұсынбағаны үшін жауапты емес (мысалы, Жолаушының деректері қате көрсетіліп, билетті ресімдеудің мүмкін болмауына әкеп соқтырған жағдай және т.б.);

2) Тасымалдаушының сайтында (сайттарында) орналастырылған ақпаратты Клиенттің дұрыс түсінуіне, осы офертаны, сондай-ақ Тасымалдаушы ұсынған басқа да ақпаратты түсінуіне Агент жауапты емес;

3) Егер мұндай залал Агенттің тікелей ниетінен туындамаса, Агенттің қызметтерін пайдалану немесе пайдалана алмау нәтижесінде Клиентке келтірілген ықтимал жанама немесе күтпеген залал үшін Агент жауапты емес, Жанама залалдар дегеніміз - ұтылған пайда, моральдық зиян, белгілі бір нәтижелерді күту және т.б.

7.10. Клиенттің кез келген талабы бойынша Агенттің жалпы жауапкершілігі Агенттің тиісті қызметті көрсеткені үшін алған сервистік алымының сомасынан аспауы керек (егер мұндай алым қарастырылса және алынған болса). Билет құнын қайтару туралы талаптарға қатысты жауапкершілік тасымалдау қағидаларына сәйкес Тасымалдаушыға қайтарылатын сомамен шектеледі.

7.11. Клиент Платформаға кіруге арналған есептік деректерінің (логин, құпиясөз) сақталуына жауап береді. Клиенттің есептік жазбасы арқылы жасалған барлық әрекетті, егер басқасы дәлелденбесе, Клиенттің өзі жасаған болып саналады. Клиенттің есептік жазбасын үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдаланғаны үшін Агент жауапты болмайды.

7.12. Тараптар тасымалдау шартынан туындайтын Клиенттің шағымдары бойынша Агенттің жауапкершілігі шектеулі екендігіне келісті, өйткені Агент тасымалдау шартының тарабы болып табылмайды. Тасымалдаушының тасымалдауға қатысты өз міндеттемелерін орындауына байланысты кез келген талап (мысалы, жолда кешігуі, жолжүктің жоғалуы, тасымалдау кезінде келтірілген залал келтірудің орнын толтыру туралы талаптар және т.б.) көлік заңнамасында белгіленген тәртіпте тікелей Тасымалдаушыға қойылуы тиіс.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

8.1. Егер Тараптардың біріне оферта бойынша міндеттемелерін орындауына офертаның 6.2-тармағында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайлары кедергі келтіретін болса немесе кешіктіретін болса, онда оферта бойынша міндеттемелерді орындауы бұл жағдайлардың созылған мерзіміне және олардың міндеттемелерді орындауға кедергі келтірген немесе кешіктірген деңгейінде тоқтатылады.

8.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына офертаның мақсаттары үшін Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген мән-жайлар, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, ауа райының төтенше құбылыстары мен табиғи апаттардан туындайтын жағдаяттар, байланыс желілерінің жұмысындағы іркілістер, электр қуатының істен шығуы немесе ажыратылуы, Интернет желісі мен басқа да коммуникациялық желілердің жұмысы мен қолжетімділігіндегі іркілістер, Платформаның, Агент серіктестерінің қашықтан қолжеткізу жүйелерінің жұмысындағы іркілістер, серверлердің немесе бағдарламалық жасақтаманың жұмысындағы іркілістер мен ақаулар, хакерлік шабуылдар, бағдарламалық жасақтаманы жаңартумен, Платформадағы, Агент серіктестерінің қашықтан қол жеткізу жүйелеріндегі жоспарлы және жоспардан тыс техникалық және профилактикалық жұмыстармен байланысты жағдаяттар, жергілікті немесе

жалпы мемлекеттік ауқымдағы төтенше жағдайлар, офертаның тарапы болып табылмайтын үшінші тұлғалардың және/немесе оферта тарапының еркіне және тілегіне қарамастан орын алатын болжанбаған әрекеттері немесе әрекетсіздігі, блокадаларды, әскери эмбарголарды қоса, бірақ олармен шектелмей соғыс қаупі, қарулы қақтығыс немесе осындай қақтығыстың елеулі қаупі, әскери қимылдар, жарияланған және жарияланбаған соғыс, лаңкестік актілері, диверсия, қарақшылық, тәртіпсіздіктер, басып кірулер, революция, бүлік, көтеріліс, жаппай тәртіпсіздіктер, коменданттық сағатты енгізу, ереуіл, апат, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, эпидемия, өрт, жарылыс, көлік жұмысындағы ұзақ үзілістер, экспортқа/импортқа тыйым салу (шектеу), мемлекеттік билік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиісті шешімдерімен және актілерімен реттелетін жағдайлар, сондай-ақ ауа райының төтенше құбылыстары мен күтпеген жағдайлардың салдарын жоюға байланысты мән-жайлар, сондай-ақ тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс басқа да мән-жайлар, сонымен қатар салдарынан офертада көзделген міндеттемелерді уақытында орындау мүмкін болмай қалатын Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін қабылдауы жатады.

8.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде офертада көзделген міндеттемелерін орындауына кедергі келтірілген Тарап екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайларының орын алғаны туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

8.4. Егер Тарап офертаның 6.3-тармағында белгіленгендей хабарлама жасамаса, Тарап үшін еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан екінші Тарапқа хабарлама жолдау мүмкіндігі болмаған жағдайларды қоспағанда, ол еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады.

8.5. Жалпыға мәлім сипаттарға ие еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша растамаларды немесе хабарламаларды талап етпейді. Барлық басқа еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәйектерді мүдделі Тарап ұсынады. Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы немесе басқа құзыретті орган берген құжаттар мұндай жағдайлар мен олардың ұзақтығы туралы куәландыратын дерек болып табылады.

9. Дауларды шешу

9.1. Офертадан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық қайшылық пен дауды Тараптар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешетін болады.

9.2. Тараптар офертадан немесе оған байланысты туындайтын барлық дауды (қайшылықты) Агенттің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қарастыратын болып келісті.

9.3. Оферта үшін қолданылатын заң - Қазақстан Республикасының заңнамасы.

10. Басқа талаптар

10.1. Клиент Платформада сатып алуды жүзеге асыра отырып, дербес деректерін Агентке осы оферта талаптарын орындау үшін қажетті көлемде беруге және өндеуге келісім беретінін растайды. Мұндай дербес деректерге келесілер кіреді, бірақ олармен шектелмейді: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, ЖСН, жеке куәлік/төлқұжат деректері, байланыс телефоны, email, сондай-ақ бағыт пен сатып алынатын қызметтердің деректері. Дербес деректерді өндеудің мақсаты - Агенттің өз міндеттерін (брондауды ресімдеу, билеттерді беру, тапсырыс статусы туралы хабарлау, қолдау көрсету және т.б.) тиісті түрде орындауы, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарын орындауы.

10.2. Клиент Агенттің қызметі туралы жаңартылған ақпаратты, сату туралы жарнамалық және акциялық ұсыныстары мен сату туралы хабарландыруы туралы ақпараттық хабарламаларды, сондай-ақ SMS және электрондық пошта арқылы Агенттің әріптестерінің жаңалықтары мен ұсыныстары туралы ақпаратты алуға келісімін береді.

10.3. Агент алынған ақпаратты Клиент алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін пайдаланады.

10.4. Агент құпия ақпарат қамтылмаған және үшінші тұлғаларға берілмейтін «cookies» технологиясын пайдаланады. Агент Платформаға кірушінің IP-адресі туралы ақпарат алады. Бұл ақпарат Клиенттің алаяқтық әрекеттерін анықтау үшін ғана пайдаланылуы мүмкін.

10.5. Клиент қызмет көрсету сапасын жақсарту және Клиенттің ауызша мәлімдемелерін растау үшін телефон арқылы сөйлесулерді жазып алуға және Платформада Жолаушылардың төлқұжат деректерін кейінгі сатып алуларды ыңғайлы ету мақсатында ғана сақтауға келіседі.

10.6. Клиентке Платформаны пайдалану кезінде келесі ақпараттың жіберілетіні хабарланды және ол мұнымен келіседі: Клиенттің мобильді құрылғысының операциялық жүйесінің түрі, қосымша версиясы мен сәйкестендіргіші, желі күйі, қосымшаны пайдалану статистикасы және басқа да техникалық ақпарат.

10.7. Осы офертада айқын көзделмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

11. Агенттің деректемелері және байланыс деректері

Агент: «FORTE BOOKING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 29/2 ғимарат, 7 т.е.о., 8-офис

БСН (Бизнес сәйкестендіру нөмірі): 241240026606

ЖСК (есеп айырысу шоты): KZ7496503F0014111771 «ForteBank» АҚ Астана қаласындағы филиалында

(БСК IRTYKZKA)

Қолдау қызметінің телефоны: 7575, эл. поштасы: info@fortebooking.com.

.